

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі сөз сөйлеп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 01.03.2023 №56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібімен таныстырды. Қатысушыларға Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткерлерді ұсынды, МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының міндеттері аясын және өкілеттіктеріне сипаттама берді. Интернет-ресурста Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру туралы хабарландыру орналастырылғаннан кейін, мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілетіні туралы хабарлады.

Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның әдіскері Каратаева Альбина сөз сөйлеп, келген ұсыныстар негізінде Қамқоршылық кеңес құрамы тізімінің жобасын енгізді.

Үшінші мәселе бойынша «Құлыншак» мектепалды тобының ата-анасы Мекембайұлы Нұрсұлтан сөз сөйледі, ол МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының кандидатурасына Махамбетов Ғалымды ұсынды, сондай-ақ қамқоршылық кеңесінің хатшысы орнына Таңатарова Майраны бекітуді ұсынды.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша балабақша әдіскері 2026 – 2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын кеңес мүшелерінің назарына ұсынып, құжатта қарастырылған бөлімдерді түсіндіріп өтті.

Шешім:

1. ЖШС «Мейірім» балабақшасы МДҰ 2026 – 2027 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлансын:
Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Қабдылшарипова Данара
2. Жұматаев Нұр
3. Алибаева тәрбие
4. Закирова Рабиға

Шешім ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды.
Қамқоршылық кеңес ЖШС Эквижн «Мейірім»
балабақшасы МДҰ Жарғысы және нормативтік құқықтық
құжаттарымен таныссын.

4. Кеңестің кезекті отырысында бекіту үшін Қамқоршылық кеңестің 2026 – 2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Төраға  Жұмабек Б.
Хатшы  Аралова М.